Ақмола облысы Білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі «Наурызбай батыр атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БЕКІТЕМІН:

Мектеп директоры м.а.:

А.Т.Исенова

2022- 2023 оқу жылына арналған «Жұлдыз» шағын орталығы тобының

қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограмма жоспары

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Наурызбай батыр «жулдыз» шағын орталығы
Топ: Ересек 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 07.09-05.10.22

Сәрсенбі 07.09.22	Сәрсенбі 14.09.22	Сәрсенбі 21.09.22	Сәрсенбі 28.09.22	Сәрсенбі 05.10.22
«Бізге көлік қалай және қандай көмек көрсетеді?» **Мақсаты:** көлік туралы түсінік беру,олардың түрлерін ажыратуға, сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету **Мақсаты:** **Тілдік дамытушы орта.** ғ,р,з, дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға тіл ұстарту жаттығулары Ға – ға – ға, Шомыламыз суға. Ғай – ғай – ғай, Жарқылдайды найзағай Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Сөздік қор.**	**Сүйікті ойыншықтар** (ойыншықтар туралы әңгіме құрау). **Мақсаты:** ойыншықтар туралы әңгіме құрауға, аттарын атай білуге үйрету, дыбыс артикуляциясын нақтылап бекіту, «ң» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру **Тілдік дамытушы орта.** Дос болып біз жүрейік, Ойнайық та күлейік. Достық деген тамаша Міне, тұрмыз жараса. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** «Ойыншықтар неден жасалады?» Әр ойыншыққа сипаттама береді, ойыншықтардың материалдарына талдау жасайды. **Сөздік қор.** **«Бұл қандай ойыншық?»** Ойын шарты: Балалар көп ойыншықтардың арасынан допты, қуыршақты және	**Біз балабақшада не істейміз?** **Міндеті: сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрау үйрету** **Тілдік дамытушы орта.** **·Біздің балабақшамыздың іші, сыртқы ауласы тобымызда сүртінетін сүлгілеріміз әрдайым тап-таза, аппақ болып тұрады. Ол кімнің еңбегі деп ойлайсыңдар?** **·Балабақшада бізге дәмді тағамдарды кімдер әзірлейді?** **·Ән, би, дене шынықтыру**	«Саяхатшы ертегісі» **Мақсаты:** Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. **Тілдік дамытушы орта.** Педагог «Саяхатшы» ертегісін мәнерлеп оқиды. Орманмен Қоян қашқанда, Сәбізі түсіп қалады. Бара жатқан Қасқырға Түлкі тауып алады. «Жей салар ем мұны мен Ішіме бірақ жаға ма? Құттықтап туған күніңмен, Берейін Қасқыр ағама», – Деп Түлкі сары сәбізді Қасқырға сәндеп ұсынды. Ол суға оны ағызды, «Қайтем, – деп, – былғап тісімді». Судан Мысық тауып ап, Тастауға оны қимады. Түлкінің туған күнінде Сәбізді оған сыйлады. «Қайтем – деп, – мұны», – таңданды, Мысыққа Түлкі шамданды.	**Дыбыстарды дұрыс айтайық (а–ә, о–ө).** **Мақсаты:** қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру, сөздерде дауысты дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру **Тілдік дамытушы орта.** Алдымыздан кезіккен Көп танысты көреміз. Бәріне де ізетпен Біздер сәлем береміз. (Е. Өтетілеуұлы) **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Келгенше апам жұмыстан Бесікте ойнап жатады. Әрнені ұғып дыбыстан «А-а-а» – деп үн қатады. – Бұл кім? – Кішкентай бала «а-а-а-а», – деп ән салады екен. Ақ бұзауым ұнайды, «Мө-мө», – деп сүт сұрайды. Ақ бұзау жақсы фермада,

«Бұл қандай көлік» сұрақ-жауап айдары Суреттер арқылы көлік түрлеріне талқылау жасайды **Тілдің грамматикалық құрылымы.** «Көлік атауларын дұрыс атаймыз» дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Суреттегі жағдаяттық суреттерге қарап сөйлемдер құрайды. **Күтілетін нәтиже:** күлік түрлерінің қажеттілігің біледі, әр көліктің қызметін ажыратады.	керікті табу, оларды сипаттау, доп домалақ, түсі көк,шарға ұқсайды. Жеке жұмысты қажет ететін балалардан сүйікті ойыншықтарын сұрау. Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** «Ойыншықтар әлеміне саяхат» Сурет бойынша ойыншық атауларын айтады. **Байланыстырып сөйлеу.** Суреттерге қарап әңгіме құрастырады. «Менің сүйікті ойыншығым...» сөзін ары қарай жалғастырып өз ойыншықтары туралы әңгімелейді. **Күтілетін нәтиже:** Әр ойыншықтарға сипаттама беру және оларды ойыншықтар арасынан табуды біледі, дыбыстарды дұрыс айту дағдысын үйренеді, ойыншықтарды , ұқыпты, күтіп ұстау керектігін біледі.	**жетекшілеріміз бізге не үйретеді? Дәрігер апайымыз не істейді екен? Ал күні бойы сендердің жандарыңда жүретін апайларың кім?** **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** **Педагог М.Әлімбайдың «Біздің балабақшада» өлеңін оқып беріп, балалармен бірге қайталайды.** **Балабақша есігін** **Сәби болып** **ашқанбыз.** **Балапандай мәпелеп** **Өсіреді бақшамыз.** **Бұл екінші үйіміз,** **Біз туғанбыз бәріміз.** **Біз – осы үйдің** **гүліміз,** **Біз-осы үйдің сәніміз.** **Сөздік қор.** **Бала, бала, баламыз** **Е.Өтетілеуұлы** **Бала, бала, баламыз,** **Бақшамызға барамыз.** **Күні бойы қызыққа** **Батамыз да қаламыз!**	Лақтырған Түлкі сәбізді Қуанып Қоян тауып алды. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Ертегі мазмұны бойынша әңгіме жүргізу: 1. Ертегі ұнады ма? 2. Ертегідегі кейіпкерлерін ата. 3. Қоян нені жоғалтты? 4. Сәбізді нелер тауып алады? **Сөздік қор.** Ертегіні сахналау Педагог ертегіні сахналауға ұсынады. Көрсетілім барысында балаларға кезек-кезек кейіпкерлер сөзін айтқызып отырады. Балалар ұнаған кейіпкерлерін таңдайды, кейіпкерлердің басқа киетін бейнелерін киеді, сахналап ойнайды. Автордың сөздерін педагог оқиды **Тілдің грамматикалық құрылымы. Педагог жетекшілігімен ойын:** «Кейікерлерді тап» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін ажырату. Тәрбиеші ертегілердің аттарын айтады. Ал, балалар сол аталған ертегінің кейіпкерлерін тауып айтады. **Байланыстырып сөйлеу.** Жұмыс дәптерімен жұмыс. 1. Қандай сыйлық алғанды ұнатасың? Суретін сал.	Апарамын көрмеге. (Е.Өтетілеуұлы) Лағым-ау, лағым, Естімей ме құлағың? Айтқан сөзді ұқпайсың, Келмей ме әлде тіл алғың? (Н. Меңгітаев) Оятпа, әтеш, сен бізді, Өзім де сездім, таң атты. Сенсіз-ақ білем мезгілді Танимын енді сағатты. (А. Сопыбеков) **Сөздік қор.** Әр үй жануарларының төлдерінің атауларын жаттайды. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** «Төлдер қалай дыбыстайды?» ойыны арқылы әр малдың төлдерінің қалай дыбыстайтынын айту. Бұзау қалай дыбыстайды? («Мө-мө-мө» деген дыбысты қайталату). Лақ қалай дыбыстайды? («Мә-мә-мә» деген дыбысты қайталату) т.б. **Байланыстырып сөйлеу.** **«Төлдер қалай дыбыстайды?»** ойыны

		Тілдің грамматикалық құрылымы. **. «Балабақшамды безендіремін»** **Балалар дәптерде салынған балабақша үйін түрлі түсті қарындаштармен безендіріп, ауласын гүлдендіреді. Жұмыс соңында өздерінің балабақшаға деген жылы тілектерін білдіреді.** **Байланыстырып сөйлеу.** **Жүректен жүрекке** **Балалар шеңберге жиналып, ойыншық жүрекшелерді алып, балабақшада жұмыс істейтін апайларына өздерінің жылы тілектерін айтып, жүрекшелерді ұжымдық жұмыстағы суреттердің қасына жапсырады.** **Күтілетін нәтиже: сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрайды, байланыстырып сөйлеуге дағдыланады.**	2. Суретке қара. Жасырынған заттарды тап. Ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. 3. Рефлексия. **Күтілетін нәтиже:** Сөздерді байланыстырып, сөйлем құрап айта алады. Ойларын жеткізе біледі.	арқылы әр малдың төлдерінің қалай дыбыстайтынын айту. Бұзау қалай дыбыстайды? («Мө-мө-мө» деген дыбысты қайталату). Лақ қалай дыбыстайды? («Мә-мә-мә» деген дыбысты қайталату) т.б. **Күтілетін нәтиже:** Үй құстары мен жануарларға қамқорлық жасайды. Есте сақтау қабілетін жетілдіріп, дауысты дыбыстарды дұрыс айту керектігін біледі. Үй жануарларының төлдерін дұрыс атап, олар туралы білетіндерін әңгімелейді.

Баламен жеке жұмыс: Ойыншықтар дүкені Міндеті:Ағаштан, шыныдан, пластамассадан жасалатын ойыншықтар жайлы әңгіме құрау **Шарты:**Сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелеу	**Баламен жеке жұмыс: «Әтеш пен Тоты» ертегісі (Үлгі бойынша мазмұнын айту) Міндеті**: Баланы тез ойлануға және ұшатын немесе ұшпайтын затты ажырата білуге үйрету. **шарты:** Ұшатын заттарды тез анықтап, екі қолын жоғары көтеру керек. Мысалы: Ұшты, ұшты – қарға ұшты! Ұшты, ұшты – қалам ұшты! Ұшты, ұшты – кітап ұшты! Ұшты, ұшты – сауысқан ұшты! Ұшты, ұшты – торғай ұшты! Балалар ойын шартын мұқият тыңдап алады. Қолдарын бір көтеріп, бір көтермейді	**Баламен жеке жұмыс: Менің сүйікті үй жануарларым (Өз тәжірибесінен әңгіме құрау) Міндеті :**Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. **Ойын шарты:** үй жануарларына байланысты суреттер алып, сол суреттегі жануарды атап, олардың дауысын келтіріп, (мөмө-мө, мяу-мяу-мяу) олар туралы мейірімді сөздерді атау. Мысалы, боташым, құлыншағым.т.	**Баламен жеке жұмыс: «Көңілді доп» Міндеті:** Ыдыстардың атын атай білуге, жылдамдылыққа баулу. **шарты:** балалар шеңбер бойымен тұрады, педагог ортаға тұрып, балаларға допты ақырын лақтырады. Оны қағып алған бала кез келген ыдыстың атын айту керек. Ескерту: бірінің айтқанын бірі қайталамау керек. Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ойынды қызыға ойнайды	**Баламен жеке жұмыс: «Екі сараң қонжық» венгр халық ертегісін сахналау Міндеті:** Ертегі мазмұнын түсіндіру. Сараң сөзінің мағынасын ашып айту. **Ойын шарты** із арқылы жануарды табу

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Наурызбай батыр «жулдыз» шағын орталығы
Жоспардың құрылу кезеңі: 12.10-09.11.22

Сәрсенбі 12.10.22	Сәрсенбі 19.10.22	Сәрсенбі 26.10.22	Сәрсенбі 02.11.22	Сәрсенбі 09.11.22
Қолғап ертегісі **Мақсаты:** Сөз тіркестерін және сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету. **Тілдік дамытушы орта.** **Жұмбақ жасыру:** Бес балаға бір бешпент, Бірге киіп,бір шешпек. -Балалар,қолған бізге не үшін керек? -Қолғап нешеу болады? -Қолғап қандай болады? **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** **«Қолғап»** ертегісі Ертеде бір атай күшігімен орманға келе жатсы, қолына киетін қолғабының біреуін түсіріп алыпты.Оны көрген тышқан қолғаптың ішіне кіріп алып:	«Күзгі жапырақтар» **Мақсаты:** Әр алуан сұрақтар бойынша әңгімелету. Сөздік қорын молайту, диалогті сөйлеуге төселдіру. Күзгі жапырақтарға ауызша сипаттама беруге үйрету. **Тілдік дамытушы орта.** Суреттерге қарап сипаттама жасайды. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз	Дыбыстарды дұрыс айтайық (а–ә, о–ө). Мақсаты: қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру, сөздерде дауысты дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру Тілдік дамытушы орта. Алдымыздан кезіккен Көп таныстыкөреміз. Бәріне де ізетпен	«Ойнайық та ойлайық» **Мақсаты:** Меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Тілдік дамытушы орта.** **Ауызекі сөйлеу тіліндегі тұрмыстық сөздерді дұрыс айту** **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** «Кідірме» **Мақсаты:** Қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беру. **Барысы:** Балалар шеңбер құрып тұрады. Тәрбиеші	Неше? Санау **Мақсаты:** Санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Тілдік дамытушы орта.** **«Бір үйде біз нешеуміз?» санамағы** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық, екеуміз. Бас бармағым – папам, Балаң үйрек – апам. Ортан терек – ағам Шылдыр шүмек – мен Титтей бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз.

«Мен енді осында тұрамын»-депті. Одан кейін бақа секіріп келіп:Мына қолғапта қайсысың тұрасың ?,-депті. Тышқан:Мен шиқылдауық тышқанмын,Ал сен кімсің?-деп сұрапты. Бақа:Мен бақылдауық бақамын мені кіргізші?- депті. Тышқан: «Кел» -депті. Сөйтіп ,олар қолғаптың ішінде екеу болыпты.Міне,Қоянда жүгіріп келіп,қолғапқа жақындап: «Мына қолғапта қайсысың тұрсың?»,-депті. Тышан,бақа: «Шиқылдауық тышқанмын,бақылдауық бақамын.Ал сен қайсы жануарсың?»-деп сұрапты. Қоян: «Мен желаяқ Қоянмын.Мені де кіргізіңдерші?»-депті. Олар: «Кел»-депті. Сөйтіп олар үшеу болыпты. Одан кейін түлкі келіп: «Мына қолғапта қайсысың тұрасың?»-депті. Олар: «Шиқылдауық Тышқанмын, бақылдауық Бақамын,желаяқ Қоянмын.Ал сен өзің қай жануарсың?»-депті. Түлкі: «Мен әпкелеріңмін. Кіргізіңдерші мені де»-депті. Олар: «Жарайды, кел»-депті. Сөйтіп,қасқырда келіпті: «Мына қолғапта қайсың тұрасың ?»-депті. Олар: «Шиқылдауық Тышқанмын,бақылдауық Бақамын,желаяқ Қоянмын, менТүлкімін.Ал сен өзің қай жануарсың?- депті.	мезгілін сипаттап айтуға үйрету; сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту; балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу. **Сөздік қор.** **«Жапырақтардың түсі қандай?»** түстердің қазақша атауларын дұрыс айтуды үйренеді. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** **«Қай ағаштың жапырағы?»** сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі. **Байланыстырып сөйлеу.** Суреттерге қарап әңгіме құрайды. **Күтілетін нәтиже:** Күзгі жапырақтар туралы (түсі, пішіні, түрі, көлемі) ауызша айта алады. Суретін салады. Қажетті түске бояйды (Сурет салу)	Біздер сәлем береміз. (Е. Өтетілеуұлы) Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Келгенше апам жұмыстан Бесікте ойнап жатады. Әрнені ұғып дыбыстан «А-а-а» – деп үн қатады. – Бұл кім? – Кішкентай бала «а-а-а-а», – деп ән салады екен. Ақ бұзауым ұнайды, «Мө-мө», – деп сүт сұрайды. Ақ бұзау жақсы фермада, Апарамын көрмеге. (Е.Өтетілеуұлы) Лағым-ау, лағым, Естімей ме құлағың? Айтқан сөзді ұқпайсың, Келмей ме әлде тіл алғың? (Н. Меңгітаев) Оятпа, әтеш, сен бізді,	ортада тұрып, кез-келген балаға допты лақтырады. Допты қағып алған балаға сұрақ қойылады. **Сөздік қор.** «Тұрмыстық зат атауларын» дұрыс айтуды үйрету. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** **Педагог жетекшілігімен ойын:** «Кім тез?» **Мақсаты:** Балалардың шапшаңдықтарын бақылау. **Байланыстырып сөйлеу.** Отбасының күзгі еңбегі **Мақсаты:** Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру; **Күтілетін нәтиже:** Балалар ұйымдастырылған іс-әрекет барысында меңгерген сөздерін қолдана отырып, бір-бірімен ауызекі тілде еркін сөйлеседі.	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Қазақ тіліндегі сандарды дұрыс айтуды үйрету **Сөздік қор.** 10. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Беске бесті қосқанда Болады екен он саусақ. Жаза-жаза сауағым Әлсіреді шаршады. Оңға, солға бұрамыз, Сосын қайта жазамыз. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Суреттерге қарап «нешеу», қанша? сұрақтарына жауап береді. **Байланыстырып сөйлеу.** Сандармен байланысты сөйлемдер құрайды. **Күтілетін нәтиже:** Санамақтар жаттайды. Тура және кері санай алады. Үйренген сөздерін күнделікті өмірде қолдана біледі.

Қасқыр: «Ал мен қасқыр ағаларыңмын,кіргізіңдерші мені де»,-депті. Сөйтіп қолғапқа бесеуі де сыйып кетіпті. «Хрпо-хро-хро»,-деп қабан жүгіріп келіпті: Мына қолғапта қайсысың тұрасың ?,-депті. Олар: «Шиқылдауық Тышқанмын,бақылдауық Бақамын,желаяқ Қоянмын, менТүлкімін,ал мен Қасқырмын. Ал сен өзің қай жануарсың?- депті. Қабан: «Мен Қабанмын, мені декігізіңдерші»,-депті. Олар: Сен мұнда қалай кіресің,-дейді. Қабан: «Мен кіре аламын, жіберсеңдер»,-депті. Олар: «Жарайды ,кіре ғой»-депті.Сөйтіп олар алтау болыпты. Қолғаптың іші тар болыпты. Сөйтіп отырғанда Аю келіп: «Мына қолғапта қайсың тұрасың?»-депті. Олар: «Шиқылдауық Тышқанмын,бақылдауық Бақамын,желаяқ Қоянмын, менТүлкімін,ал мен Қасқырмын, Мен қабанмын.Ал сен өзің қай жануарсың?- депті. Аю: «Қалай көпсіңдер,мені де кіргізіңдерші?»-депті. Олар:Қалай кіргіземіз,өзі іші тар боп тұрса?» Аю: «Қалай болса да сыйамыз?»-депті. Олар: «Жарайды, кел жанымыз-ға». Сөйтіп аюда сыйып жетеу болыпты.Қолғаптың іші тар,міне		Өзім де сездім, таң атты. Сенсіз-ақ білем мезгілді Танимын енді сағатты. (А. Сопыбеков) Сөздік қор. Әр үй жануарларының төлдерінің атауларын жаттайды. Тілдің грамматикалық құрылымы. «Төлдер қалай дыбыстайды?» ойыны арқылы әр малдың төлдерінің қалай дыбыстайтынын айту. Бұзау қалай дыбыстайды? («Мө-мө-мө» деген дыбысты қайталату). Лақ қалай дыбыстайды? («Мә-мә-мә» деген дыбысты қайталату) т.б. Байланыстырып сөйлеу.		

жарылайындеп тұрғандай.Бір кезде ата өзінің қолғабының жоқ екенін байқап қалады.Сөйтіп қайта кері қарайжүреді,ал иті болса алға қарай жүгіріп кетеді. Жүгіріп келе жатып,қолғапты көреді.Қолғап қозғалып жатыр.Ит сонда: «әуп-әуп-әуп»,-деп үреді.Қолғап ішіндегі жануарлар қорқып,барлығы жан-жаққа қашып кетеді.Атай өз қолғабын көріп алып кетті. **Сөздік қор.** **Сөздік жұмыс:**қолғап. **Қостілділік компонент:** Қолғап-варежки. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** **Сергіту жаттығуы:** Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім,екеуін, Болады екен он саусақ **Байланыстырып сөйлеу.** **Сахналау:** «Қолғап» ертегісін сахналайды. **Күтілетін нәтиже:** Ертегі кейіпкерлерін атап, олардың қимыл-әрекеттерін, сөздерін келтіре алады.		«Төлдер қалай дыбыстайды?» ойыны арқылы әр малдың төлдерінің қалай дыбыстайтынын айту. Бұзау қалай дыбыстайды? («Мө-мө-мө» деген дыбысты қайталату). Лақ қалай дыбыстайды? («Мә-мә-мә» деген дыбысты қайталату) т.б		
Баламен жеке жұмыс: «Қолғап» украин халық ертегісін сахналау Міндеті: Сөйлеу мәнерлері мен сөйлемді дұрыс құрау дағдыларын дамыту. **Шарты:** Оң-солды ажыратып, қолғаптың сыңарын табады	**Баламен жеке жұмыс: «Айлакер түлкі» орыс халық ертегісін сахналау Міндеті:** Ертегі мазмұнын түсіндіру. театрландырылған әрекеттің басқа да жұмыс түрлерін(саусақ, үстел үсті, көлеңкелі	**Баламен жеке жұмыс: Жаз, күз (Сурет бойынша әңгіме құрау) Міндеті:** Жаз және күз мезгілдерінің айырмашылықтарын әңгімелеуге үйрету. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін	**Баламен жеке жұмыс: Қуыршақ Әйгерімнің туған күні Міндеті:** Туған күн де мереке түріне жататындығын түсіндіру Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп	**Баламен жеке жұмыс: «З» және «с» дыбыстары (Дыбыстық сөйлеу мәдениеті) Міндеті:** Дыбыс жайлы түсінік беру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді

	және тағы басқа) меңгерту **Шарты:**Ертегіні әңгімелеу	жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. **Шарты** Жыл мезгілдерін ажырату	қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. **Шарты:** тығылған ойыншықты тауып, атын атап, түсін, үлкен, кішілігін ажыратып, сол ойыншыққа өздерің мейірімді тілек тілейсіңдер. Мысалы, балалар алдымен көздерін жұмады, қойылған ойыншықтар ішінен педагог біреуін жасырып қояды. Қандай ойыншық жоқ?	(р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. **Шарты:** «З» мен «С» дыбыстарын дұрыс айту

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Наурызбай батыр «жулдыз» шағын орталығы
Жоспардың құрылу кезеңі: 16.11-14.12.22

Сәрсенбі 16.11.22	Сәрсенбі 23.11.22	Сәрсенбі 30.11.22	Сәрсенбі 07.12.22	Сәрсенбі 14.12.22
«Жемістер мен жидектер» **Мақсаты:** қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету **Тілдік дамытушы орта.** Көкөністер мен жеміс-жидектер -Күз мезгілі екенін біз қайдан білеміз? -Қандай жеміс – жидектерді білесіңдер? -Алманың түсі қандай болады? -Пішіні қандай? -Құлпынайдың көлемі қандай? -Бүгін аналарына жеміс-жидек сыйлағыларын келе ме? -Сендердің алдарында әдемі жеміс-жидек салуға арналған тәрелкелер және жаңа ғана	**Менің досым** **Мақсаты:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. **Тілдік дамытушы орта.** **Суретпен жұмыс:** суретте не бейнеленгенін айтады, заттарды атайды. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** «Дос қандай болу керек?» жағдаяттық сұрақтарға жауап береді **Сөздік қор.** «Менің досымның қасиеттері» достық жақсы қасиеттер ұғымдары арқылы сөздік қор молаяды. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Достық көмек. **Мақсаты:** Жазуды көзбен қадағалай	**«Саяхатшы ертегісі»** **Мақсаты: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту.** **Тілдік дамытушы орта.** **Педагог «Саяхатшы» ертегісін мәнерлеп оқиды. Орманмен Қоян қашқанда, Сәбізі түсіп қалады. Бара жатқан Қасқырға Түлкі тауып алады. «Жей салар ем мұны мен Ішіме бірақ жаға ма? Құттықтап туған күніңмен, Берейін Қасқыр ағама», – Деп Түлкі**	**«Кітап сыры»** **Мақсаты:** Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балалардың мазмұндауын үйрету. **Тілдік дамытушы орта.** «Кітап неден жасалған?» балалардың өз ойларын айту, тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойдан шығара білуге үйрету. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** **«Қандай ертегі білесің?»** **Мақсаты:** Сөздік қорын молайту. Тіл тазалығын қалыптастыру.	**Апта күндері** **Мақсаты:** апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету **Тілдік дамытушы орта.** **Дүйсенбі** **Сейсенбі** **Сәрсенбі** **Бейсенбі** **Жұма** **Сенбі** **Жексенбі** Апта күндерін хормен айту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Bilim kids-тің «Апта күндері» видеоролигін көрсету **Сөздік қор.** **Ширату сұрақтары:** «Бүгін қандай күн?» Бір аптада неше күн бар? Жұманың алдында қай күн келеді? Осы сәрсенбіден келесі сәрсенбіге дейін неше күн өтеді?

бақтан әкелінген жеміс-жидектер тұр. -Ендеше, балалар, біз сол жеміс-жидектерді тәрелкеге орналастырайық. Мұқият қарап алыңдар, тәрелкеге жеміс – жидектерді бірінен кейін бірін әдемілеп жапсырамыз **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** ***Дидактикалық ойын:*** «Жемістер мен жидектерді ажыратады». Мақсаты*:* балаларға жемістер мен жидектерді қайда өсетінін, оларды ажырата білуге баулу. Саусақ моторикасын дамыту. **Сөздік қор.** Сөздік жұмыс: жеміс- жидектер. Билингвальді компонент**:** жемістер- фрукты, жидек- ягода. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** жидек атауларын дұрыс айтуға үйрету: құлпынай, юүлдірген, қарақат, т.б. Жеміс атауларын дұрыс айтуға үйрету: алма, алмұрт, өрік, шие, т.б. **Байланыстырып сөйлеу.**	отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу **Байланыстырып сөйлеу.** **«Менің досым...»** әр бала өз досы туралы әңгімелеп береді. **Күтілетін нәтиже:** зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтады.	**сары сәбізді Қасқырға сәндеп ұсынды.** **Ол суға оны ағызды, «Қайтем, – деп, – былғап тісімді».** **Судан Мысық тауып ап, Тастауға оны қимады. Түлкінің туған күнінде Сәбізді оған сыйлады.** **«Қайтем – деп, – мұны», – таңданды, Мысыққа Түлкі шамданды.** **Лақтырған Түлкі сәбізді Қуанып Қоян тауып алды.** **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** **Ертегі мазмұны бойынша әңгіме жүргізу:** **1. Ертегі ұнады ма?** **2. Ертегідегі кейіпкерлерін ата.** **3. Қоян нені жоғалтты?** **4. Сәбізді нелер тауып алады?** **Сөздік қор.** **Ертегіні сахналау** **Педагог ертегіні сахналауға ұсынады.** **Көрсетілім барысында балаларға кезек-кезек**	**Барысы:** Ертегі айтып беріп, ауызша мазмұнын сұрау. **Сөздік қор.** «Менің сүйікті кітабым» Балалармен отбасында оқыған кітаптарын талқылау. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** «Кітаптар жәрмеңкесі» Апта бойы балалардың жасаған кітаптарынан жәрмеңке ұйымдастырып, басқа топтардың балаларын шақырып тамашалату. Кіші топтан келген балаларды кітап жасау шеберханасына шақырып, кітап жасауды үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Балалардан ұнататын кітаптарын сұрап, не себептен ұнататынын білу. Сұрақтар қою. 1. Саған қандай кітап ұнайды? 2. Қандай ертегілерді ұнатасың? 3. Қандай	Сейсенбіден кейін неше күн өткенде сенбі болады? Сейсенбі аптаның нешінші күні? **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Апта деген атайдың Жеті бірдей қызы бар: Біріншісі-Дүйсенбі, Екіншісі-Сейсенбі, Үшіншісі-Сәрсенбі, Төртіншісі-Бейсенбі, Бесіншісі-Жұма, Алтыншысы-Сенбі, Жетіншісі-Жексенбі **Байланыстырып сөйлеу.** «Айша бұл күні не істейді?» Суреттергі жағдайларға байланысты сөйлемдер құрайды. **Күтілетін нәтиже:** үш-төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды

Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Кім білгір?» **Шарты:**Тақтада көрсетілген жидектерді себетке ,жемістерді қорапқа салу керек. **Күтілетін нәтиже:** жемістер мен жидектер туралы біледі, оларды ажырата алады, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.		**кейіпкерлер сөзін айтқызып отырады. Балалар ұнаған кейіпкерлерін таңдайды, кейіпкерлердің басқа киетін бейнелерін киеді, сахналап ойнайды. Автордың сөздерін педагог оқиды** **Тілдің грамматикалық құрылымы. Педагог жетекшілігімен ойын: «Кейікерлерді тап»** **Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін ажырату. Тәрбиеші ертегілердің аттарын айтады. Ал, балалар сол аталған ертегінің кейіпкерлерін тауып айтады.** **Байланыстырып сөйлеу.** **Жұмыс дәптерімен жұмыс.** **1. Қандай сыйлық алғанды ұнатасың? Суретін сал.** **2. Суретке қара. Жасырынған заттарды тап. Ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.**	кейіпкерлер ұнайды? Жағымды немесе жағымсыз кейіпкер дегенді қалай түсінесің? **Күтілетін нәтиже:** Балалардың өздеріне кітап оқуға мүмкіндік беріледі. Кітап суреттеріне қарап, өздері оқып жатқан кейіп танытып, эмоционалды-бейнелік мазмұнын бере біледі.	

		3. Рефлексия. Күтілетін нәтиже: Сөздерді байланыстырып, сөйлем құрап айта алады. Ойларын жеткізе біледі.		
Баламен жеке жұмыс: «Не дәмді?» ертегісі Міндеті: Өз ойларын жеткізе білу дағдыларын дамыту. Шарты: баланың көзі жұмылады. Қоржынға салынған көгөністер мен жемістер қолдарына алып, оның дәмі қандай болатынын және пішінін айтып, атын атау керек. Ойында тапқан жемісімізді немесе көгөністі сипап сезу арқылы жылдам баяндап беру керек екенін айту.	**Баламен жеке жұмыс: «Досым – менің мақтанышым» Міндеті;** Сөйлемдердегісөздерді: затесімдерді сан есімдерменжәне сын есімдердізатесімдерменү йлестіребілудіжетілдіру **Ойын шарты:** Балалар бір-біріне гүл ұсыну арқылы өз достарының бойындағы жақсы қасиеттерді айтады. - Елжан, сен менің мейірімді досымсың. - Жайна ,сен ақылды қызсың. Ойын осылай жалғаса бере д	**Баламен жеке жұмыс: Менің сүйікті үй жануарларым (Өз тәжірибесінен әңгіме құрау) Міндеті :**Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. **Ойын шарты:** үй жануарларына байланысты суреттер алып, сол суреттегі жануарды атап, олардың дауысын келтіріп, (мөмө-мө, мяу-мяу-мяу) олар туралы мейірімді сөздерді атау. Мысалы, боташым, құлыншағым.т.	**Баламен жеке жұмыс: «Кім жоқ?» Міндеті:** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. **Ойын шарты:** Педагог тақтаға мамандық иелерінің суреттерін іледі, балалар суреттерді көреді, көздерін жұмады, көздерін ашқанда қандай сурет жоқ екенің табуы керек.	**Баламен жеке жұмыс: Ертегіде қонақта (Таныс ертегілерді қойылымдық жабдықтары арқылы әңгімелеу) Міндеті:** Ертегі мазмұнын әңгімелей білу дағдыларын дамыту. **Шарты:** Шеңбер болып тұрамыз, ортаға текше тасталынады. Текшеде қандай кейіпкер суреті түссе, сол ертегі жайында айтып береміз. Мысалы: текшеден ата, әже, қыз, ит, мысық, тышқан суреті кездесті делік. Бұл ертегінің аты қалай? – Бұл «Шалқан» ертегісі. (Ертегі мазмұнын әңгімелейді).

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Наурызбай батыр «жулдыз» шағын орталығы
Жоспардың құрылу кезеңі: 21.12-11.01.23

Сәрсенбі 21.12.22	Сәрсенбі 28.12.22		Сәрсенбі 04.01.23	Сәрсенбі 11.01.23
«Ойнайық та ойлайық» **Мақсаты:** Меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. **Тілдік дамытушы орта.** «Ертегілер елінде» Балалардан қандай ертегілер білетінін, ертегілерді қайдан қарауға болатынын сұрау. диалог түрінде сөйлеуге үйрету. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** «Әлем ертегілері» балаларға кітаптардан ертегілерді таныстыру, сөйлейтін электронды кітаптар арқылы ертегі тыңдауды үйреті. **(Сөйлеуді дамыту)** Кейіпкерлердің киімдерін киіп ертегілерді сахналау**.** **Сөздік қор.** «Қазақ ертегілері»	«Қыс мезгілі қызықты» Мақсаты: қыс мезгілі туралы білімдерін толықтырып, сөздік қорларын байыту. Сурет мазмұнына сай берілген сұрақтарға толық жауап беріп, әңгіме құрап айтуға үйрету. Қыс мезгілінің табиғат көрінісін сипаттап, қызықтарын әңгімелету арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту Тілдік дамытушы орта. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. Өлеңді түсініп тыңдайды. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады, қыс белгілерін айтады. Қолы жоқ, сурет салады, Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз) Қанаты жоқ, ұшады, Аяғы жоқ, жетеді.		Отбасының күзгі еңбегі **Мақсаты:** Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру; Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету; сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту; балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу. **Тілдік дамытушы орта.** Шаруа мен аю Орыс халық ертегісі **Мақсаты:** Ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай білуге дағдыландыру. Ертегі сюжеті бойынша рөлге бөліп мазмұндауға үйрету. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Күзгі жапырақтар	**«Қыс ерекшеліктері»** **Мақсаты: Қыс мезгілі туралы білімдерін арттырады.Қыс туралы әңгімелеп,өз ойларын дұрыс жеткізе білуді меңгертеді. Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиеленеді.** **Тілдік дамытушы орта.** **Құрылымдал ған ойын: «Ауа-райы» сөзіне анықтаманы ірікте»** **(Қарлы, аязды, суық, күн шуақты, желді және т.б.)** **Тапсырма. Балаларға қар бетінде жүріп өтуді және аяқ астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну.** **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** **Педагогтың жетекшілігімен ойын: «Иә, жоқ»** **Мақсаты: Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.** **Сөздік қор.** **Ойын: «Буын ұйқасын тап»** **-ша, -ша, -ша, жап жасыл шырша.** **ар, ар, ар, қандай аппақ қар.** **ыс, ыс, ыс келіп қалды қыс.** **-ғы, -ғы, -ғы, Олжас тепті шаңғы.**

Балаларға қазақ халық ертегілерін оқып беру. Мультфилімін көру. (ер төстік, алпамыс батыр, жыл басына таласқан хайуанаттар, алдар көсе, қаңбақ шал және т.б) **Тілдің грамматикалық құрылымы.** ғ,р,з, дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға тіл ұстарту жаттығулары Ға – ға – ға, Шомыламыз суға Ғай – ғай – ғай, Жарқылдайды найзағай Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ **Байланыстырып сөйлеу.** **Педагог жетекшілігімен ойын:** «Кідірме» **Мақсаты:** Қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беру. **Барысы:** Балалар шеңбер құрып тұрады. Тәрбиеші ортада тұрып, кез-келген балаға допты лақтырады. Допты қағып алған балаға сұрақ қойылады. **Күтілетін нәтиже:** Балалар ұйымдастырылған іс-әрекет	Аузы жоқ,ұлиды. (Боран) Сөздік қор. Жерге суық та, ақ қыс келді. Орман қарға батты. Күзге қарағанда, қыстың келуімен күн қатты суытты. Аспанды бұлт басты. Жаңбыр емес, қар жауады. Жер бетін, үй шатырларын, ағаш бұталарын қар басты. Өзен, көлдер, бұлақтар мұзға айналды. Жерге қар көп жауған сайын, өсімдіктер одан бетер жақсы шығады. Қар оларды аяздан қорғайды. Күн қысқарып, түн ұзарады.		**Мақсаты:** Әр алуан сұрақтар бойынша әңгімелету. Сөздік қорын молайту, диалогті сөйлеуге төселдіру. Күзгі жапырақтарға ауызша сипаттама беруге үйрету. **Сөздік қор.** Күзгі еңбек, шаруа, егін, егіншіклік, диқан, еңбек құралдары сөздерімен танысады. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Шаруа мен аю Орыс халық ертегісін сахналау. **Байланыстырып сөйлеу.** **Сұрақ жауап** -Ертегі қалай аталады? -Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? -Шаруаға не келді? -Аю шаруаны қалай қорқытты? -Олар неге келісті? -Шаруа не екті? -Аюға қай жағын берді? -Келесі жылы Шаруа неекті? -Аю нені білмеді Ертегіні рөлге бөліп ойнату.	**-ла, -ла, -ла, соғамыз қардан аққала.** **лар, лар, лар, Далада ойнайды балалар.** **Тілдің грамматикалық құрылымы.** **Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:** **-Қыста ағаштар өздерін қалай сезінеді?** **-Олармен не болады?** **-Қыста ағаштар қандай жағдайда болады?** **-Қандай құстарды қыстайтын дейді?** **-Олар немен қоректенеді?** **-Қыстайтын қандай құстарды білесіңдер?** **-Неге қыстайтын құстар қыста жылы жаққа ұшып кетпейді?** **-Адамдар қыстайтын құстарға қалай көмек көрсете алады?** **Байланыстырып сөйлеу.** **Педагогтың жетекшілігімен ойын:** **«Сюжетті суреттерді құрастыру»** **Мақсаты: Сюжетті суреттерді құрай біледі.** **Педагогтың жетекшілігімен ойын: «Сөйлем құрастыр»** **Мақсаты: Балалар сюжетті суреттер арқылы әңгіме құрай алады.** **Күтілетін нәтиже: Қыс туралы әңгімелеп,өз ойларын дұрыс**

барысында меңгерген сөздерін қолдана отырып, бір-бірімен ауызекі тілде еркін сөйлеседі.			**Күтілетін нәтиже:** күз мезгілін сипаттай алады; сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорлары дамиды; балалар еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиеленеді.	**жеткізе білуді үйренеді. Сюжетті суреттер арқылы әңгіме құрауға дағдыланады.**
Баламен жеке жұмыс: «Мынау не?» Міндеті Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту,ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білуге үйрету, ойын арқылы сөздік қорын байыту**.** **Шарты:** Түрлі суреттегі ойыншықтардың суретін, оның ішінде аюды көрсетіп: – Мынау не? – Бұл – аю. Бұл – жұмсақ пүліштен жасалған үлкен аю. Пүліш – жұмсақ мата. Өзі тап-таза, мойнында қызыл таспасы бар. Ал мынау – кішкентай аюдың баласы қонжық.	**Баламен жеке жұмыс: «Төлдерін тап» Міндеті:** Суреттер бойынша әңгіме құрауға,мазмұндауға сұрақтарға жауап беруге, үй жануарларының төлдерін жекеше, көпше түрде атауға үйрету. **Шарты:** Балалар суреттен үй жануарларын көрсете отырып, олардың төлдерін тауып, сызықпен қосады	**Баламен жеке жұмыс: «Түсі бойынша қос». Міндеті:** Түстерді ажырата білуге үйрету **Шарты:** Суреттегі заттарды түсі бойынша сызықпен қосу. Балалар суреттегі заттарды түсімен ажыратып, бір түспен боялған заттарды сызықпен қосады.	**Баламен жеке жұмыс: «Төлдер қалай дыбыстайды?» Міндеті:** Үй жануарларының төлдерін ажырата ілуге үйрету. Жеке жұмысты қажет ететін балалардан төлдердің қалай дыбысталуын қайталату. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. **Шарты:** Әр жануардың төлдерінің қалай дыбыстайтынын айту. Бұзау қалай дыбыстайды? («Мөмө-мө» деген дыбысты қайталату). Лақ қалай дыбыстайды? («Мә-мә-	**Баламен жеке жұмыс: «Сүйікті ойыншықтар» Міндеті:** Ойыншықтар туралы әңгіме құрауға, аттарын атай білуге үйрету, дыбыс артикуляциясын нақтылап бекіту. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. **Шарты:** Балалар көп ойыншықтардың арасынан допты, қуыршақты және керікті табу, оларды сипаттау, доп домалақ, түсі көк,шарға ұқсайды. Жеке жұмысты қажет ететін балалардан сүйікті ойыншықтарын сұрау. Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды.

			мә» деген дыбысты қайталату) т.б.	

Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Наурызбай батыр «жулдыз» шағын орталығы
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.01.23-15.02.23

Сәрсенбі 18.01.23	Сәрсенбі 25.01.23	Сәрсенбі 01.02.25	Сәрсенбі 08.02.23	Сәрсенбі 15.02.23
«Қыс мезгілі» **Мақсаты**: Балалардың қыс мезгілінің белгілері туралы түсініктерін арттыру. Қыста ойналатын ойындар қыс қызығын арттыра түсетінін түсіндіру. Қыс мезгіліндегі мерекелер туралы әңгімелеу. Жаңа жыл туралы түсінік беру **Тілдік дамытушы орта.** Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде не жауады, не қатады? *Қар жауады, мұз қатады* Дұрыс айтасыңдар, өзен-көлдерде мұз қатады. Қардың түсі қандай? Ақ түсті. Аспанды қандай бұлт қаптайды? Қара бұлт Қыс айларын атайықшы: Желтоқсан, қаңтар, ақпан Басқа мезгілдерге қарағанда қыс мезгілінің ерекшелігі күн суық болады, қар жауады. Күннің суық болуына қарамастан балалар Шана, шаңғы,	**«Қысқы ойындар»** **Мақсаты:** Ойын арқылы берілген сұрақтарды тыңдайды және түсінеді. Суреттер арқылы байланыстырып сөйлейді. Ойын материалдырын ұқыпты қолдануды үйренеді, достарына көмек көрсетеді. **Тілдік дамытушы орта.** **«Қысқы ойындар» тақырыбына сурет бойынша әңгіме не ертегі құрастыру.** Аққала дорбасынан төмендегідей тірек сөздерді шығарады. Тәрбиеші сөздерді балаларға оқып, осы сөздерді қатыстырып сөйлемдер, әңгіме құрастыру керектігін айтады. Тірек сөздер: *ақ қоян, мәнерлеп сырғанау, сұр қасқыр, шаңғы, хоккей, шайба, таяқ, шанасымен жүйткиді.* **Тірек сұрақтар:** Ақ қоян, сұр қасқыр, түлкі және	«Қыстап қалатын құстар» Мақсаты: Балалардың қыстап қалатын, жыл құстары құстар туралы түсініктерін кеңейту.Құстар туралы түсінік беру, құстардың тіршілігі туралы баяндау. Құстардың сыртқы бейнесі, тіршілігі, қорегі және қауырсын суретін салуды үйрету. Тілдік дамытушы орта. Қыс қатты-ақ, Қыспаққа –ап. Құс тоңып жүр, Қыстап қап. Дақ – дақ – дақ, Емші құс тоқылдақ Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дидактикалық ойын: «Құстар кафесі» Шарты: жемшашарға жейтін азықтарын тауып салу. Сонымен қатар шымшықтар шошқа майын ұнатады. Сөздік қор.	**«Көңілді қыс»** **Мақсаты:** Ойын арқылы берілген сұрақтарды тыңдайды және түсінеді. Суреттер арқылы байланыстырып сөйлейді. Ойын материалдырын ұқыпты қолдануды үйренеді, достарына көмек көрсетеді. **Тілдік дамытушы орта.** Балалар қараңдаршы айналамыз қандай түске боялып тұр? Б: аппақ түске Не себепті аппақ деп ойлайсыңдар? Б:өйткені көптеген қар жауған? Ал қар қай мезгілде жауады? Б: Қыс мезгілінде Қар неге ұқсайды? Мақтаға, қантқа, түсі аппақ Балалар біздің айналамыз аппақ болып тұр біз осы қардан не жасаймыз?	**«Аңдардың қысқы тіршілігі»** **Мақсаты:** Балаларға жануарлардың қысқы тіршілігі жайында түсінік беру. Аңдардың балаларын тани білуге, атай білуге үйрету ,ой өрісін,сөйлеу тілін дамыту Қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу. **Тілдік дамытушы орта.** Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер шешуін табыңдар,жарайма? Жұмбақ жасыру Сыбдырдан қорқады Шошынып жортады\ қоян\ Тәтті көрсе бас салар Айнымайды баладан\ аю\ Өзі айлакер , өзі қу Жүрген жері айқай да шу\ түлкі\ .Осы аталғандардың барлығын бірауыз

